

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
ПЕДАГОГИКА И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ –
PEDAGOGY AND TEACHING METHODS**

УДК: 371

¹Алметов Н.Ш., ¹Рауан М.Ж., * ²Иброхимова Г.Х.

¹педагогика ғ.д, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

¹«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты
М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

²педагогика ғ.д., профессор. ТашМЭУ. Ташкент, Өзбекстан

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЕНДІРУДІҢ
ПОСТИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ**

Автор - корреспондент: rauwan.miyatbek@mail.ru

Түйін: Мақалада жалпы білім беретін мектепте жаңартылған білім беру мазмұнын енгізудің постинновациялық кезеңінде оқушыларға музыкалық білім беруді жетілдіру мәселесі қарастырылған. Жаңартылған музыкалық білім беру бағдарламаларының оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамытудағы дидактикалық мүмкіндіктері айқындалған. Музыкалық шығармашылық қабілеттерді дамыту мектеп оқушыларына жаңа форматтағы музыкалық білім берудің маңызды бағыты ретінде қарастырылып, мұнда кездесетін педагогикалық мәселелерге ерекше мән берілген. Инновациялық сападан жаппай педагогикалық тәжірибе көрінісіне өтудегі жаңартылған білім беру бағдарламаларын іс-жүзіне асыруда оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мен дамытудың әдістері мен құралдары ұсынылған. Оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытудың кейбір жаңашыл әдістемелік шешімдері ұсынылған. Мектепте жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыру жағдайында музыкалық білім берудегі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тұғырлары туралы тұжырымдар жасалынған.

Кілт сөздер: жаңартылған білім беру мазмұны, постинновациялық кезең, мектеп оқушылары, музыкалық шығармашылық қабілеттер, музыкалық білім беру, музыкалық шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Кіріспе. Елімізде білім саласында жаңартылған бағдарлама енгізілгеннен бері оқушыға да, мұғалімге де сыни тұрғыдан ойлау мен даму процессіне көптеген өзгерістер алып келді. Оқушы бұрынғыдай баға алу үшін оқымай, сыни тұрғыдан өз көзқарасын айтуға, ал мұғалімдер үшін оқушылардың көзқарасымен, олардың пікірлерімен санаса отырып, бағыт -бағдар беріп, қазіргі заманның талабына, сұранысына сай, бәкелестікке қабілетті ұрпақтар тәрбиелеу және білімдерін жетілдіру.

Мектептердің жаңартылған білім беру мазмұнына бір ыңғай көшуі, білім алушылардың музыкалық білім беру үдерісін жаңа сапалық деңгейде көтереді. Музыкалық білім берудің мазмұны да, оны ұйымдастырудағы әдістемелері және технологиялары да, оқушылардың музыкалық білімдері, сонымен қатар икемділіктері мен қабілеттерін бағалау жүйелері де жаңарады.

Қазіргі өзгерістерге толы, цифрлы қоғамда оқушыларға музыкалық білім берудің тағылымдық, тәрбиелік маңызы әр қашанғыдан да жоғары. Өйткені, оқушы-жастар санасы мен мінез-құлықына әсері күн сайын күшейіп отырған цифрлық құралдар олардың рухани-адамгершілік келбетіне де зор ықпалын тігізуде. Осы тұрғыдан оқушыларды шынайы музыкалық өнер туындыларына кірістіру олардың рухани-адамгершілік және

эстетикалық тәрбиесіне оң әсерін тигізеді. Қазақтың халықтық музыкасы, басқа халықтар, әлем музыка өнерінің төл туындылары оқушы-жастарда ақпараттандырудың келеңсіз қырларына иммунитетті қалыптастыруда дамаңызды құрал болып табылады.

«Қазақ қай кезде де әнсүйер ұлт саналған. Музыка – бірін-бірі тілсіз түсіну өнері. Содан болар, халықтар мен халықтар музыкаға келгенде түсінісуі үшін тілді қажет етпейді. Музыка адамның жанын жақсылыққа жетелеп, көңілін нұрға бөлейді. «Ән көңілдің ажары» деп халық бекер айтпаса керек. Ертедегі қазақ даласында көрініс тапқан салсерілік, ақын-жыраулық мектептің өзін көшпелі қауымның далалық өнер институты деп атауға болатындай. Бұл қазақтың бұрыннан музыкаға әуес, өнерсүйер ұлт екенін дәлелдейді. Бүгінде музыка саласы аяғына нық тұрған дербес сала саналады», - деп жазады музыкалық білім беру саласындағы ғалым Мелдехан Қонысбаев [1]. Сондықтан жаңартылған бағдарлама аясында білім бере отырып, мұғалім әрқашан ізденісте болып, заманауи технологияларды терең меңгеріп, өзіне және шәкірттеріне қолайлы жақтарын қарастырып отыруы, балалардың музыкалық шығармашылығы мен дарындылығын зерделеп, дамытуы тиіс.

Теориялық талдау. Жаңартылған білім беру бағдарламалары музыкалық білім беруде оқушының субъектілік позициясын күшейтеді. Оқушы мұғалім мен интербелсенді әрекеттесу арқылы музыкалық оқу-танымдық іс-әрекетке белсене кіріседі. Оқу мақсаттарын пайымдайды, музыкалық материалды меңгеруде өзі ізденеді, басқа оқушылар және мұғалім мен бірге оқу міндеттерін шешеді, өз оқу іс-әрекетін бағалау мүмкіндігіне ие болады [2].

Инновациялық технологияларды және интерактивті әдістерді пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты сабақтар өткізу. Жаңа бағдарламаның ерекшеліктері деп атап айтар болсақ: бағалау жүйесінде де, үш тілдік саясат, сабақ жоспарының жаңаша құрылымы, әр сабақта әртүрлі жаңаша стратегия әдістерді қолдана отырып, сабақтың сапасын арттыруға болатынын, білім алушылардың мүмкіндіктерін барынша шектемеуге, керісінше зерттеп-зерделеуге мүмкіндік керектігін ұғынды.

Оқу бағдарламасына орай ««Музыка» пәні адам өмірінің бір бөлігі ретінде оқушыларда музыкаға деген қызығушылығының қалыптасуына, музыканың базалық білімі, біліктіліктері және музыкалық өнердің түрлерін меңгеруге, музыкалық білім беру барысында шығармашылық қабілетін және коммуникациялық біліктіліктерін қалыптастыруға, ұлттық және адамзаттың мәдени құндылықтарына деген көркем - эстетикалық қарым-қатынасты тәрбиелеуге, музыкалық және шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған» [3].

Белгілі жазушы Қажым Жұмалиев: «Өнердің басқа түрлерімен салыстырғанда адам баласының ой- сезіміне тез әсер ететін де, ешбір тілмәшті қажет етпей, жан біткеннің барлығына тілі ортақ, интернационалдық өнер де - музыка» -деген болатын [4].

Оқушы музыка арқылы өз сезімін жеткізуіне, адамдармен және өз құрбы-құрдастарымен қарым қатынас жасау барысында ортақ мәмілеге келуіне, жан-жақты дамуына, жақсы мен жаманды айыра білуіне әсер ететін өнер саласы. Сондықтан музыка сабақтарында оқушылардың музыкалық қабілетін дамыту барысында көптеген инновациялық әдіс тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы, жаңартылған бағдарламаға сәйкес оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қазіргі заман талабына сай, жан-жақты дамыған, музыкалық қабілеті жоғары балалармен жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда музыкалық білім үдерісінде ақпараттандыру құралдары кеңінен пайдалануда. Музыкалық білім беруді цифрлендіру – оқушылардың музыкалық қабілетін дамытудың маңызды бағыттарының бірі. Ақпараттық құралдарды жақсы пайдалана алатын қазіргі балаларға музыкалық білім беру бағдарламасын меңгеруде музыка шығармаларын, музыкалық аспаптарда ойнау тәсілдерін меңгерудің компьютерлік бағдарламаларын ендіру, әріне олардың музыкалық қабілеттерін дамытуда оң нәтижелер береді. [5,64-66-66.].

Сондықтан, оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуда дәстүрлі тұғырлар мен

қатар цифрлық құралдарды, бағдарламаларды, музыкалық сайттардағы танымдық және эстетикалық құндылығы жоғары, оқушылардың жасына, оқу-танымдық мүмкіндіктеріне және музыкалық қабілеттеріне сай өнер туындыларын іздестіру және шығармашылықпен пайдалану аса маңызды.

Кітап оқимайтын, немесе аз оқитын адамдар болуы мүмкін. Бірақ музыка тыңдамайтын адам болмас. Музыка пәні мұғалімі әрбір оқушының музыкаға деген дарындылығы мен қабілеттерін зерделеу балалардың музыкалық қабілеттерін дамытудағы алғашқы қадамдардың бірі. Дәстүрлі әдістер, арнаулы әдістемелер көмегімен оқушылардың музыкалық қабілеттері мен дарындылығы қай дәрежеде екендігі анықталады. Осыған қарай, музыка пәні мұғалімінің алдағы барлық жұмыстары ұйымдастырылады. Әрине, барлық балалар музыканы сүйеді, бірақ музыкаға деген дарындылығы мен қабілеттері әртүрлі. Олардың деңгейіне қарай музыкалық қабілеттерді дамытудың түрлі әдістері мен құралдары пайдаланылады.

«Музыка» пәні сабағының ерекшелігіне келер болсақ, ол оқушының туа біткен қабілетін ескере отырып, соған сәйкес тапсырмалар бере отырып, оқушы белсенділігін, қызығушылығын арттыру. Жеке тұлға ретінде оқушының бойындағы музыкалық талантын көре білу, оны дер кезінде шындай білу бұл-мұғалімнің шеберлігінде. Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отырып, оны қабылдай білуге, өзіне ұнаған музыкасын жеке орындауына, өз құрбыларының алдында берілген шығармаларын еркін орындауға дағдыландырып, оқушының музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру жаңартылған бағдарламаның постинновациялық кезеңіндегі қойылатын басты талаптар.

Музыкалық білім баланың сана сезімін, ойлау қабілетін, сондай-ақ музыка өнерін толық түсініп өмірге деген құлшынысын арттырады. Музыкасабағында балалар - ән айту, музыка тыңдау, музыка әдебиеттерімен танысу, музыкалық сауат және ырғақ музыкалық қабілеттерді дамытуды толық үйренеді. Музыкалық қабілеттерді дамытуда музыкалық білім берудің сабақтан тыс және сыныптан тыс түрлері де маңызды рөл атқарады. Үйірме жұмыстары, музыкалық кештер, өнер қайраткерлерімен кездесулер, қосымша жеке сабақтар оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуда ерекше рөл атқарады.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда музыка сабағында жаңа инновациялық техникаларды қолдана отырып, әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады. Бұл орайда ойынның алатын орны ерекше. Ойынды әдетте мұғалімсабақ алдында не сабақты қорытар кезде пайдаланады. Ойын – балалар әрекетінің бір түрі. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным үдерісіне баланың жақсы қырынан дамуына өз әсерін жақсы жағынан тигізеді. Ойынның теориясы мен практикасын және оның оқушы шығармашылығын дамытуға әсерін отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде.

Ш.Кульманова, Б.Сулейменова, И. Сиваковалардың пікірінше «музыка сабағында оқушы шығармашылығын дамыту үшін төмендегідей ойындар жүргізуге болады: Оқушының есту, көру, эмоцияналдық дискомфорт жағдайын, шапшаңдығын, тапқырлығын дамыту мақсатында «Әуенді тап!», «Шатасқан ноталар», «Кімнің немесе ненің үні екенін тап», «Көңіл -күйді көрсет» т.б. ойындардың баланың музыкалық қабілетінің дамуына зор әсер ететіні сөзсіз. Ойындық өзара әрекет -бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өзін-өзі бекітуге мүмкіндік беретін ерекше іс-әрекеттің бір түрі. Музыкалық ойындар оқушының музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай ажырата , салыстыра білуге де үйретеді» [6, 3-6-бб.].

М.Меңдаяқова, Г. Қарамолдаевалардың пайымдауынша, «музыкалық шығарманы игеру, оның мәніне терең бойлай ену дәйекті де ұзақ процесс. Музыкалық шығарманы ұжымдық үйренуге кірісе отырып, шығарманың музыкалық мәтінін дәлме-дәл орындау, шығарманың жалпы сипатын, формасын, ладтық-гармониялық негізін, ритм мен әуеннің сипатын анықтау, музыка дыбысын шығарудың барлық тәсілдерін белгілеу, бүкіл пьесса

бойына дыбыс күшін бөлу, вокальдық және аспаптық топтарының және топтағы әрбір партияның дыбысының тепе -теңдігіне қол жеткізу, ансамбльдің орындаушылық шеберлігінің дәлдігіне жету қажет. Мұның бәрі бірден қол жеткізетін нәрсе емес. Оны бірте -бірте дамыта отырып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады» [7,7-б.].

Нәтижелер мен талдау. Оқушылар музыкалық қабілеттерін дамытуда фольклор материалдарының ерекше дидактикалық әлеуетін зерттей келе, Т.М.Каргополова балалардың көркем-шығармашылық және ойны іс-әрекетінің әртүрлі формаларын ұйымдастыруда халық ауызекі шығармашылық құралдарымен оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытудың ынандай педагогикалық шарттарын анықтаған:

- сабақта ән айту, пластикалық қозғалыс және халықтық ойын құралдарын кірістіретін ;балалар фольклоры материалдарын пайдалану;
- балалардың дауыс аппараты және тірек-қимыл аппаратында жасқа байланысты және физиологиялық өзгерістерді есепке алу (көмейдің құрылысы, төзімділік және дыбыс күші, регистрі мен диапазоны, тірек-қимыл аппаратының құрылымы);
- дауыс, сөйлеу, пластикалық және аспаптық интонация ерекшелігі мен мазмұнын ескере отырып балалар халық дауыстарының жеке-дара тұрғыдан келуді жүзеге асыру (интонация тазалығы, тіпті тембрлік бояу, ашық, басымдықпен ән айту семантикалық интонация, дауыстылық, ұтқырлық, жеңілдік, ұшқырлық және дыбыстың мәнерлілігі, қозғалыс жүйесінің икемділігі және пластикасы) [8].

Кіші мектеп жасындағы оқушылар музыкалық қабілеттерін дамытуға арналған еңбегінде Е.В.Ситник былай жазады: «балалар музыкалық шығармашылығы өзінің табиғаты бойынша синтетикалық әрекет болып табылады. Ол музыкалық іс-әрекеттің барлық түрлерінде көрініс табуы мүмкін. Балалардың шығармашылық көріністерінің табыстылығы белгілі бір сезімдерді, көңіл-күйді білдіру икемділіктері және дағдыларының беріктігіне байланысты болады. Баланың толыққанды шығармашылығы тек оның өмірлік тәжірибесі, соның ішінде музыкалық-эстетикалық түсініктері ұдайы байып отыратын жағдайда, ол өзіндік дербестік көрсетуіне мүмкіндік болғанда ғана қалыптасады [9].

Қорытынды. Мектепте жаңартылған білім беру мазмұнын енгізудің жаңа – постинновациялық кезеңінде оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесінің өзектілігі артады және жаңа осы мәселенің педагогикалық шешімі жаңа тұғырларды іздестіруді қажет етеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламалары инновациялық әлеуетінен жаппай педагогикалық іс-тәжірибе деңгейіне өтуі оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамытудың мынандай жаңа әдістемелік тұғырлары мен тәсілдерін пайдалануды болжайды:

- оқушылардың музыкалық қабілеттерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау (зерделеу) негізінде сынып оқушыларын топтарға бөлу;
- музыкалық қабілеттері мен қызығушылықтары деңгейіне қарай оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамытудың кішігірім бағдарламасын құру, әрбір топқа деңгейіне сәйкес оқу міндеттерін қою және тапсырмалар әзірлеу;
- оқушылардың музыкалық қызығушылықтары мен дарындылығына қарай саралап-деңгейлеп оқыту әдістерін пайдалану, әртүрлі деңгейдегі шығармашылық тапсырмалар беру;
- оқушылардың музыкалық оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және ынталандыру тетіктерін пайдалану;
- жаңартылған білім бағдарламаларының музыкалық білім беру мазмұнына іс-жүзіне асырудың оқушылардың шығармашылық сипаттағы музыкалық қабілеттерін дамытуға бағытталғандығына қол жеткізу;

- оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамыту үдерісін бағалаудың критериалды жүйесін әзірлеу;
- музыка пәні сабақтарында оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамыту нәтижелерін мерзімді талдау және жаңа мүмкіндіктері анықтау;
- оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамытуда сыныптағы сабақтар және сыныптан тыс музыкалық тәрбие іс-шараларының тығыз байланысына қол жеткізу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қонысбаев М. Кәсіби біліктілікті шыңдау - басты мақсат//<https://qazaqadebieti.kz/11550/>.
2. Ахметкалиева С.Т. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер// https://mtdi.kz/e/oku_adisteme/id/633/q/1
3. «Музыка» пәнінен оқу бағдарламасы //<https://www.tarbie.kz/29756>.
4. Жұмалиев Қ. Абайдыңтабиғатлирикасы //http://sol.kzbydocs.com/re.
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. Алматы.: Білім, 2008.
6. Музыка:
Методическое руководство// Авторы: КульмановаШ., СулейменоваБ., Сивакова И.- Алматы, 2017 // atamura.kz.
7. Меңдаяқова Қ.М., Қарамолдаева Г.Ж. Мектепте музыка тәрбиесін беру әдістемесі.- Алматы, 1997.
8. Каргополова Т.М. Развитие музыкальных способностей у учащихся младшего школьного возраста в процессе изучения фольклора//Дисс ... канд. пед. наук: 13.00.02. Московский государственный университет культуры и искусств.- Москва, 2014.- 229 с. //http://www.dslib.net/.
9. Ситник Е.В. Развитие творческих способностей у младших школьников на уроках музыки //https://dshimay.bel.muzkult.ru/media/2018/07/31/1225016381/Sitnik_E_V_BGIIK_2013_magisterskay_a_tetrad.pdf.

Аннотация: В статье рассматривается проблема совершенствования музыкального образования учащихся на постинновационном этапе внедрения обновленного содержания образования. Определены дидактические возможности обновленных программ музыкального образования в развитии творческих музыкальных способностей школьников. Развитие музыкальных творческих способностей рассматривается как важное направление музыкального образования школьников на новом формате, также обращено внимание на возникающие при этом педагогические проблемы. Рассмотрены методы и приемы развития творческих музыкальных способностей учащихся в условиях перехода обновленных программ с уровня инновации на уровень массовой педагогической практики. Рекомендованы некоторые инновационные методические решения развития музыкальных способностей школьников. Сформулированы выводы относительно подходов к развитию творческих музыкальных способностей учащихся в постинновационный период реализации обновленных программ в школе.

Ключевые слова: обновленное содержание образования, постинновационный период, учащиеся общеобразовательной школы, творческие музыкальные способности, музыкальное образование, развитие музыкальных способностей.

Abstract: The article deals with the problem of improving the musical education of students at the post innovation stage of introducing the updated content of education. The didactic opportunities for the development of musical creativity of students in the updated music education programs are identified. The development of musical creative abilities is considered as an important direction in the musical education of school children in the format, as well as pedagogical problems. Methods are considered, new attention is paid to the methods of developing the creative musical abilities of students in the conditions of the transition of updated level programs. Some innovations of the mass level to pedagogical practice are recommended. Some innovative methodological solutions for the development of musical abilities of student are proposed. Conclusions formulated regarding approaches the development of creative

musical abilities of student in the post-innovation period of the implementation of updated programs at school.

Key words: The updated content of education,the post-innovation period,secondary school students,creatibe musical abilities,music education,the development of musical abilities